

ҚазҰУ – ізденіс пен ғылыми тәжірибе алаңы

Университет қабырғасында оқып жатқан студент білім нәрін қай деңгейде сіңіруде? Оқытушы тарапынан тәлімгер білімін бағалаудың заманалы талаптары қандай? Университет қызметі үшін аса маңызды бұл сұрақтар кешегі ректорат мәжілісінде оқу-әдістемелік басқарма басшысы Асқар Құсыпбекұлының хабарламасы аясында кеңінен талқыланды.

Қысқы емтихан сессиясына дайындық туралы сөз қозғаған басқарма басшысы аралық бақылау 9 желтоқсанда басталғанын 13 желтоқсанда қорытындылатынын жеткізді. Ал қысқы емтихан 18-30 желтоқсан аралығын қамтымақ. 2013-2014 оқу жылының қысқы сессиясын 15 762 бакалавр, 2 347 магистрант және 210 докторант тапсыратын болады. Ал емтихан түрі бойынша тәлімгерлердің басым көпшілігінің таңдауы жазбаша емтиханға түскен. Мысалға бакалаврда жазбаша емтиханның жалпы саны – 3605 болса, тестік емтихан – 116.

Асқар Хикметовтің айтуынша, алдағы қысқы сессияда студент білімін объективті бағалау мақсатында университетте жаңаша тәсіл енгізіліп отыр. Халықаралық тәжірибені басшылыққа ала отырып жасалған нұсқаулық негізінде енді емтихан жұмыстарын дәріскердің өзі емес, әріптесі тексеретін болады.

Дархан АХМЕД-ЗАКИ, оқу жұмысы жөніндегі проректор:

-Қолданғалы отырған жаңа форма тәжірибеде бар. Ең басты мақсат – студент білімін әділ бағалау. Нәтижеге бағытталған біздің жұмысымызда бұл мәселе аса маңызды. Себебі студент деңгейі сәйкесінше оқытушының білімі мен біліктілігін көрсететін болады.

Кәрімжан ШӘКІРОВ,

халықаралық қатынастар факультетінің деканы:

-Халықаралық тәжірибеге көз жібере отырып, мен осы тұста тестік жүйенің артықшылықтарын айтқым келеді. Тестік жүйенің тиімділігін әлемнің алдыңғы қатарлы университеттері растап отыр. Әділ, тиімді әрі білім сапасы да артуда.

ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

Мұхамбетқали БҮРКІТБАЕВ, бірінші проректор:

-Біз әлемдік тәжірибеге батыл қадам басып келеміз. Жақсы нәтижеге қол жеткізу жолындағы ізденіс пен ғылыми тәжірибе ҚазҰУ-да әрқашан қолдау таппақ.

Тестік жүйеге келер болсақ, оған жаңа көзқарас қажет. Себебі әлемнің озық университеттерінде қолданылатын тест арнайы сертификаттаудан өткен. Тестік жүйені толықтай енгізу үшін халықаралық талаптарға сай тесті құра білу шарт. Бұл алдағы маңызды белестердің бірі екені даусыз.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

СОЗДАЕТСЯ РЕГИОНАЛЬНЫЙ ХАБ ЮНЕСКО

Ученые КазНУ им. аль-Фараби во главе с ректором университета академиком Г.Мутановым приняли участие в Казахстанско-французском научном симпозиуме, который прошел с 2 по 7 декабря 2013 г. в городе Нанси (Франция).

В рамках поездки в штаб-квартире ЮНЕСКО (г. Париж) ректор КазНУ Г.Мутанов обсудил вопросы сотрудничества с заместителем генерального секретаря ЮНЕСКО по образованию господином Цянь Таном. В результате встречи было принято решение о создании регионального Хаба по устойчивому развитию. Данный Хаб будет образован сетью университетов центральноазиатского региона на базе КазНУ в соответствии с программой UNITWIN, предложенной ЮНЕСКО. Основными задачами создаваемой структуры будут поиск путей решения ключевых проблем устойчивого развития региона, а также подготовка высококвалифицированных специалистов по данному направлению.

Реализация проекта регионального Хаба ЮНЕСКО является стратегически важной задачей на ближайшее время. Концепция устойчивого развития относится к ключевым направлениям деятельности ЮНЕСКО, а также широко поддерживается Президентом РК Н.Назарбаевым. Данный Хаб станет логичным продолжением реализации концепции КазНУ им. аль-Фараби «Зеленый мост через поколения», представленной на конференции ООН по устойчивому развитию «РИО +20».

В рамках Казахстанско-французского научного симпозиума состоялись встречи представителей КазНУ с вице-президентом по международным делам и экономическому партнерству Карлом Томбром и вице-президентом по науке Университета Лотарингии Клотильдой Буланже (г. Нанси), руководителями регионального Совета Лотарингии (г. Мец), представителями МИД Франции (г. Париж), а также посещения промышленных и научных объектов в области нетрадиционной энергетики (г. Бюр, г. Форбах).

В ходе встреч были обсуждены вопросы подготовки по реализации совместного масштабного проекта – создания казахстанско-французской исследовательской лаборатории «THYNER: Theoretical Hydrodynamics of Natural Energy Resources» («Теоретическая гидродинамика природных энергетических ресурсов») под эгидой Центра национальных исследований Франции (CNRS) с участием КазНУ им. аль-Фараби.



Ученые КазНУ также встретились с директором Высшей национальной школы управления в Париже Натали Луазо, где были рассмотрены вопросы сотрудничества между КазНУ им. аль-Фараби и Высшей национальной школой управления о реализации двусторонних выездных лекций, научных стажировок и организации стипендиальной программы для студентов и магистрантов КазНУ.

Высшая школа управления принадлежит к числу элитных вузов Франции и мира, готовящих будущих лидеров страны. Курсы этой школы слушают не только французские, но и иностранные студенты. За весь период своего существования выпускниками школы были два президента Франции, семь премьер-министров и многочисленные министры.

Пресс-служба КазНУ

«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»

ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналып еліміздің барлық өңірлерінің жоғары оқу орындары жастарының басын қосқан «Мен жастарға сенемін!» атты студент жастардың республикалық патриоттық фестивалінің гала-форумы өтті.

Фестиваль әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, «Жас Отан» жастар қанаты және Алматы қаласы әкімшілігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

«Мен жастарға сенемін!» республикалық патриоттық фестивалі студент жастардағы Қазақстанның болашағы үшін патриоттықты және азаматтық жауапкершілікті көтеруге бағытталған. Фестиваль аясында бір ай бойы хабарланған байқаулар бойынша студенттік жұмыстар қабылданды. Олар: «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік әлеуметтік маңызы бар инновациялық жобалар байқауы, «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей

аламын?» атты студенттік эссе байқауы және «Мен жастарға сенемін!» тақырыбында студенттік поэзиялық азаматтық-патриоттық шығармалар байқауы. Әр байқау бойынша секциялық отырыстар өтіп, әділ-қазылар алқасы жүзден жүйрік шыққандарды таңдап, әділ шешімін шығарды. Ұйымдастырушы комитетке еліміздегі жоғары оқу орындары студенттерінен 1000-ға тарта жұмыс келіп, ең үздік 300 автор байқаудың екінші кезеңі- Gala-форумға қатысуға шақырту алды.

Gala-форум аясында әр өңірлерден келген қатысушылар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Керемет» жастар ресурстық орталығымен, студенттік бизнес-инкубаторы, студенттік клубтар жұмысымен және студенттік инновациялық жобалар көрмесімен танысты.

ҚазҰУ-дың Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен номинациялар бойынша фестиваль жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі мен Gala-форумның жабылуында тәуелсіз әділ-қазылар әрбір конкурс бойынша фестивальдің жеңімпаздарын анықтады.

Жалғасы 2-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

**ДЕЛЕГАЦИЯ КАЗНУ НА
ЗАВОДЕ EFES**



2-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

**«ҚАЗАҚСТАН» ДЕГЕН ЕЛДІ
ӘЛЕМГЕ ТАНЫТАТЫН
АЗАМАТТАР БІЗДІ
УНИВЕРСИТЕТТЕН ШЫҒАДЫ**



4-бет

БҮГІНГІ САНДА:

**«79 ЖЫЛДЫҚТА 79 ТЕҢГЕМЕН
ТҮСІП АС» ӘЛЕУМЕТТІК
АКЦИЯСЫ ӨТТІ**



8-бет

РЕКТОРАТ

ҚАУІПСІЗДІК ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Кешегі ректорат мәжілісінде күн тәртібіндегі басты сауалдар қатарында ҚазҰУ қалашығындағы қауіпсіздік мәселесі көтерілді. Төтенше оқиғаларға жедел ден қою және ішкі тәртіпті, өмір сүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызы хабарлама жасады.

Бүгінде университет қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Проректордың айтуынша, оқу ғимараттары мен жатақханаларда видеобақылау орнатылып, металлодетекторлар алынған. Ғимараттарға кіру мен күзету бағытындағы шаралар қатайған. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету құрылымы қайта жасақталып, Қауіпсіздік орталығы құрылған. Құқық қорғау қызметкерлерінің қатысуымен жоспарлы алдын алу және ағарту жұмыстары жүргізілуде. Студенттермен жеке жұмыс жүргізетін кураторлар институты енгізілген. Тәртіптік комиссия мен этика бойынша факультеттік комиссиялар іске қосылған.

«Алайда студенттер мен оқытушылар қауіпсіздігін сақтау асқан жауапкершілік пен мұқияттылықты қажет етеді. Оған әрқайсымыз белсене атсалысуымыз керек», – деген проректор, әсіресе, студенттердің оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы, жүріс-тұрысымен қатар, психологиялық жай-күйіне бей-жай қарамауға шақырды. Сондай-ақ ашық кампус ауқымы мен оқу ғимараттары, жатақханалар, бұқаралық шараларда адамның көп жиналуы бұл мәселені қиындата түсетіні белгілі. Осы орайда Шолпан Ерболқызы арнайы нұсқаулықтарды қатаң сақтауға шақырды. Ол бұқаралық шараларды ұйымдастыру нұсқаулығы мен студенттер үйіндегі кезекші оқытушыға арналған жаңа нұсқаулықпен таныстырып өтті. Студенттермен жеке жұмыс жасауда куратор-эдвайзерлердің рөліне ерекше тоқталған баяндама иесі төтенше жағдай кезінде жедел әрекет етудің маңыздылығын ескертті.

Әйгерім ӘУЕЗХАНҚЫЗЫ

ДЕЛЕГАЦИЯ КАЗНУ НА ЗАВОДЕ EFES

29 ноября 2013 г. делегация КазНУ имени аль-Фараби при организационной поддержке Центра карьеры и бизнеса находилась с визитом на крупнейшем пивоваренном заводе компании EFES в Карасайской индустриальной зоне Алматинской области.



В состав делегации входили: Абдыхалыков К.С. – директор Центра карьеры и бизнеса, Бекбаева Ж. – ведущий специалист Центра карьеры и бизнеса, Заядан Б.К. – заведующий кафедрой биотехнологии, Жукешов А.М. – профессор кафедры физики плазмы и компьютерной физики, Калугин С.Н. – профессор кафедры химии и технологии органических веществ, Мансурова М.Е. – доцент кафедры информатики, Темирбаев А.А. – зав. лабораторией кафедры физики твердого тела и нелинейной физики.

От имени руководства компании делегацию университета приняли директор завода Сабыржан Бельгибаев, менеджер завода Елена Кабдулиина, специалист по поиску талантов компании EFES Индира Тлегенова.

Во время пребывания делегации на заводе была проведена презентация КазНУ имени аль-Фараби и специальностей университета (Биотехнология, Электро-энергетика, Химическая технология органических веществ, Вычислительная техника и программное обеспечение, Радиотехника, электроника и телекоммуникации), также проведены переговоры с руководством завода EFES.

По желанию руководства завода члены делегации КазНУ подробно остановились на структуре и механизмах проведения профессиональных практик в КазНУ, рассказали о потенциале каждой из интересующих завод специальностей.

Компания EFES согласилась на предложение Центра карьеры и бизнеса КазНУ участвовать в формировании элективных дисциплин РУП разработать вопрос осуществления обучения в баклавриате КазНУ на основе заказа компании, полностью согласилась

участвовать в ярмарках вакансий и «дней открытых дверей» в КазНУ.

Профессора С.Н. Калугин и Б.К. Заядан предложили сотрудничать с заводом проходить переподготовку и повышение квалификации с дальнейшей сертификацией на базе имеющихся научно-исследовательских центров и институтов химического и биологического факультетов, на что руководство завода дало свое полное согласие. Профессор А.М. Жукешов предложил компании EFES поучаствовать в формировании плана по приобретению оборудования для студентов КазНУ.

В результате переговоров компания EFES согласилась заключить двусторонний договор по организации профессиональной практики, принимать студентов 3-4 курсов КазНУ на практику, также, помимо вышеуказанных специальностей, согласилась рассмотреть вопрос привлечения студентов ряда специальностей ВШЭБ, в том числе логистов и маркетологов. Более того компания EFES, идя на встречу КазНУ, согласилась в период прохождения практики бесплатно развозить практикантов, обеспечивать их бесплатным питанием и спецодеждой. По предложению Центра карьеры и бизнеса ДАВ КазНУ компания также согласилась рассмотреть вопрос оплаты практикантам за их труд в период практики.

В итоге, можно предположить, что сотрудничество КазНУ и производственной компании EFES будет и впредь развиваться, и в дальнейшем покажет наглядный пример взаимодействия вуза и завода в виде интеграции учебного процесса и производства.

К.С. АБДЫХАЛЫКОВ,
директор Центра карьеры и бизнеса

Жалғасы. Басы 1-бетте



«МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!»

«Менің ел дамуына қосқан нақты үлесім» атты студенттік инновациялық жобалар байқауында 3-жүлделі орынды және «Жас Отан» Жастар қанаты тағайындаған арнайы сыйлықты ҚазҰАУ студенті А.Яцевич және «Менің ел дамуына қосқан нақты үлесім» атты студенттік инновациялық жобалар байқауында 3-жүлделі орынды және «Жас Отан» Жастар қанаты тағайындаған арнайы сыйлықты ҚазҰУ география және табиғатты пайдалану факультетінің студенттері С.Исалдиева, А.Жүнісова иеленсе, «Менің ел дамуына қосқан нақты үлесім» атты студенттік инновациялық жобалар байқауында 2-жүлделі орынды және ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу грантының сертификатын ҚарМУ студенті Д.Ахметжанов иеленді. «Менің ел дамуына қосқан нақты үлесім» атты студенттік инновациялық жобалар байқауында 1-жүлделі орынды және ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы қоғамдық бірлестігі тағайындаған арнайы сыйлықты ҚазҰУ физика-техникалық факультетінің студенті Е.Усенов иеленсе, «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе байқауында 3-жүлделі орынды және «Жас Отан» Жастар қанаты тағайындаған арнайы сыйлықты ҚазҰПУ студенті М.Пазылбеков иеленді. «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын» атты студенттік эссе байқауында 2-жүлделі орынды және ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы қоғамдық бірлестігі тағайындаған арнайы сыйлықты

ҚазҰТУ студенті Н.Кішкенебаев иеленді. «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын» студенттік эссе байқауында 1-жүлделі орынды және ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу грантының сертификатын БҚМУ студенті А.Тасқалиева иеленді. «Мен жастарға сенемін!» атты жас ақындар байқауында 3-ші жүлделі орынды және «Жас Отан» Жастар қанаты тағайындаған арнайы сыйлықты С.Демирел атындағы университеті филология факультетінің студенті Т.Жорабай иеленді. «Мен жастарға сенемін!» атты жас ақындар байқауында 2-жүлделі орынды және ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы қоғамдық бірлестігі тағайындаған арнайы сыйлықты ҚазҰУ филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенті Б.Мырзақұлов иеленді. «Мен жастарға сенемін!» атты жас ақындар байқауында 1-жүлделі орынды және ҚазҰУ-да бір жыл тегін оқу грантының сертификатын ЕҰУ журналистика және саясаттану факультетінің студенті А.Тіленшиев иеленді. Сонымен қатар барша қатысушыларға және 2,3-орын иегерлеріне алғыс хаттар мен «Жас Отан» жастар қанаты, «ҚР Білім және ғылым қызметкерлерінің Кәсіби одағы» және басқа да әріптестерінің сыйлықтары тапсырылды. Gala-форум соңында Қазақстанның Халық әртісі әнші Роза Рымбаева ән айтып, «Жастар-Party» мерекелік кешіне ұласты.

Еңлік АҚЖІГІТ

«О пиаре и не только...»

На факультете журналистики КазНУ для студентов университета прошел мастер-класс по теме «Креативности коммуникационных проектов», организованный профессором кафедры «Печати и электронных СМИ» С.Х.Барлыбаевой. На встречу пришел необычный гость. Это ведущий пиар-менеджер Казахстана, руководитель пиар-кампаний торговых центров «Мега», главный редактор сайта фоторепортажей «Voxrorulii», девиз которого «фотосессия страны» – Алишер Еликбаев. Как и все творческие личности, Алишер использовал собственный подход в освещении темы.

Топ-менеджер Казахстана начал свое повествование с рассказа о себе. Студенты задавали вопросы не только о профессиональных принципах, но и о личном. Алишер очень прямолинейный человек, поэтому, чтобы как-то мотивировать новую подрастающую «партию» журналистов, он привел неутешительную статистику: «90% из сидящих в этой аудитории пропадут в безвестности, и только единицы добьются успеха на журналистском поприще». Удивительным стало признание пиарщика в том, что по своей сути он очень ленив, но именно это свойство природы помогает сделать ему представленную работу очень быстро и, как показывает практика, лучше остальных. На вопрос о том, трудно ли быть номером один, он ответил так: «Не знаю, как пришло ко мне это звание. Просто, видимо, в нашей стране очень мало людей, занимающихся качественным пиаром». Неожиданным стал ответ на вопрос о доминировании женщин в журналистике. Оказывается, женщины более трудолюбивы, усидчивы и старательны, нежели представители сильного пола.

Алишер очень много путешествует, совмещая приятный отдых с любимой

работой: «На работу я всегда иду, как на праздник». Начав трудовой путь с 16-ти лет стажером на 31 канале, он прошел многое, но именно трудности и желание стать первым привели его к успеху.

О его порою провокационных сообщениях в Твиттере слышаны многие. Кто-то не одобряет таких действий, иные удивляются: не имеет ли последствий такое эпатажное поведение. Сам же господин Еликбаев относится к этому очень просто, «с юмором». Написание одно твита послужило поводом для знакомства с премьер-министром Казахстана, который в ответ на не самое лицеприятное сообщение Алишера ответил приглашением в совместную поездку на космодром Байконур.

Такие люди, как Алишер Еликбаев, служат примером нам, будущим журналистам. Не стоит бояться критики, трудностей. Нужно выбирать свой путь и следовать своей мечте. И тогда обязательно вы достигнете того, к чему так упорно идете.

Екатерина ЛЕЙМАН,
студентка 2-го курса
факультета журналистики

Қазақстан-Франция ғылыми симпозиумына ал-Фараби атындағы ҚазҰУ ғалымдары қатысып қайтты

НЕЗАБЫВАЕМЫЙ ПРАЗДНИК

Накануне 1 декабря по всей стране прошли праздничные мероприятия, концерты, акции, конкурсы, «круглые столы».

Недавно на факультете довузовского образования был проведен открытый кураторский час «Балалық шағымның аспаны», посвященный Дню Первого Президента РК для слушателей казахской диаспоры. Данное мероприятие было организовано группой кураторов-эдвайзеров Г. Абдвахитовой, А.Бегалиевой, А.Жапаровой, С. Сулейменовой, К.Мухадиевой, А.Мусагуловой.

Наши слушатели - оралманы, приехали из разных стран: Китая, Монголии, Узбекистана, Киргизии, Туркменистана. Особо хочется отметить, что они с большим желанием и интересом готовились по данной теме, искали материалы в Интернете. Самое главное – они посмотрели фильм «Небо моего детства» режиссера Рустема Абдрашова. После его просмотра возникли вопросы: В какой семье родился главный герой Султан? Как он жил? Кто воспитывал его? Какой была страна в то время? О чем мечтал и во что верил юный герой? Как формировался его характер, как учился он преодолевать трудности и добиваться своей цели? Ответы на эти вопросы слушатели получили в ходе проведения кураторского часа.

Кураторский час начался с исполнения Гимна РК. И в этом принимали участие преподаватели кафедр, кураторы-эдвайзеры, слушатели-оралманы. Все исполняли с гордостью и любовью Гимн нашего независимого государства. Со ступительным словом обратилась зам. заведующей кафедрой довузовской подготовки Бегалиева А.К., которая отметила значимость общенационального праздника в жизни нашей страны. Далее ведущая вечера Жуматай Айгуль представила слово выступающим. Докладчики Амиргазы Турдыбай и Ерматова Айман прочитали на казахском и русском языках интересные сообщения, касающиеся отдельных фактов из биографии Президента РК Н.А. Назарбаева.

По ходу их выступления были показаны видеослайды о жизни и деятельности нашего Президента. Затем была проведена викторина на двух языках кураторами-эдвайзерами А.Б.Мусагуловой и С.С.Сулейменовой. Правильные ответы слушателей поощрялись призами. Кроме того, был показан блок видеослайдов о фильме «Небо моего детства», подготовленный сотрудником сектора массовой работы библиотеки университета Мукашевой Ш.Б. Была оформлена выставка книг о Н.А. Назарбаеве и его трудов последних лет. Слушатели отвечали не только на вопросы, но и высказывали комментарии по содержанию фильма. Они отметили, что кинокартина рассказывает об истории мальчика, детство которого пришлось на тяжелые военные и послевоенные годы, повествует о становлении личности, характера, о мироощущении ребенка, о первых разочарованиях, о рождении и осуществлении его мечты.

По их мнению, самым главным в фильме являются традиции и ценности казахского аула. Кроме того, очень много ритуалов и национальных традиций показаны с очень позитивной и достоверной точки зрения. Самым важным в фильме являются отношения казахов к людям других национальностей в тяжелые для них годы: и комната в доме, и теплая одежда, и горячие лепешки, и просто душевное слово.

В конце вечера была показана праздничная программа: исполнение юга и патриотических песен «Көк тудың желбірегені», «Атамекен». После обсуждения данной темы слушатели-оралманы пришли к единому мнению, что будучи целеустремленным, умным и жизнелюбивым человеком можно достичь любых вершин, стать достойным гражданином нашего современного, развивающегося государства.

С.С. СУЛЕЙМЕНОВА,

старший преподаватель кафедры довузовской подготовки, Ш.Б. МУКАШЕВА, сотрудник сектора массовой работы

«ЕЛБАСЫ – ЕЛІМЕН БІРГЕ»

География және табиғатты пайдалану факультетінің №4 жатақханасында география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының ашық есік күндері аясында бірінші курс студенттерінің қатысуымен «Елбасы – елімен бірге!» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті.

Шара Елбасының өмірін, саясатын үлгі ете отырып өскелең ұрпақты Отанын, халқын сүйге, ұлттық патриоттық сезімге бағыттады.

Кешті география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының меңгерушісі г.ғ.д., профессор Г.Н. Нүсіпова ашып, Қазақ елінің тәуелсіздік алғаннан бергі бағындырған ашандары мен қас-қағым сәт болған 20 жылдан астам уақыт ішінде буыны енді беки бастаған елімізді әлемдік деңгейдегі алпауыттармен иық тірестіріп, тың бастамаларға ұйытқы болған Елбасымыздың салиқалы саясаты мен мол еңбегін жас ұрпаққа өнеге ретінде атап өтті. Кешті 1 курс студенттері З.Марат «Қазақ Елі», Н.Шабдан «Жаса Қазақстан!» атты әндерімен жандыра түсті. Кафедра меңгерушісінің оқу, әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары г.ғ.к., доцент А.А. Токбергенова, кафедраның аға адвайзері Б.Т. Кожаметов жылы лебіздерін жеткізді.

А.С. ИКАНОВА,

география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының аға оқытушысы

ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН ЕЛБАСЫ!

Жақында жылуфизика және техникалық физика кафедрасының «Стандарттау, метрология және сертификация» мамандығының 211-топ студенттері мен топ адвайзерлері А.М. Мақсұтханова мен П.Б. Алыбаеваның ұйымдастыруымен №1 жатақханада Қазақстанның Тұңғыш Президенті күніне «Ел тірегі – Елбасы» атты салтанатты жиын өтті.

Шара барысында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өмірбаяны, саяси ұстанымы жайлы мәліметтер келтіріліп, әлем көшбасшыларының Елбасы туралы айтқан пікірлері, болашағымыздың темірқазығы – «Қазақстан-2050» стратегиясындағы басымдықтар және соның бірі – «Жаңа Қазақстандық патриотизм» тақырыбында ой қозғалады. Бұл кеште студенттердің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевқа арналған өлең шумақтары оқылып, патриоттық әндер шырқалды. Еліміздің Елбасы жайлы оқу ордамыздың студенттері көп мағлұмат алды.

Жылуфизика және техникалық физика кафедрасы

«ЕҢСЕЛІ ЕЛ – ЕЛБАСЫМЕН КӨРІКТІ»

Тарих, археология және этнология факультетінде жақында Археология, музей кабинетінде «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» және «Археология, этнология» мамандығының 1 курс студенттері «Еңселі ел – Елбасымен көрікті» атты отырыс өткізді.

«Еңселі ел – Елбасымен көрікті» отырысы мемлекеттік әнұранмен басталып, «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының 1 курс студенті Қ.Сәкен «Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметтерінің шежіресі» атты баяндамасымен жалғасты. Ол Президенттің балалық шағынан бүгінгі өміріне дейінгі белестерге жеке-жеке тоқтала отырып, қызметтерінің шежіресінен толық мәліметтер берді. Студент Т.Махамбетәлі «ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың еңбектері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өмірі мен қызметі және Тәуелсіз ҚР дамуындағы жетістіктер мен елімізде жүзеге асырып жатқан бағдарламалар төңірегінде студенттер мен Археология, этнология және музеология кафедрасының оқытушы-профессорлары өз

ойларын ортаға салып, пікірлерін білдірді. Жасалынған баяндамалар әсерлі, нақты мәліметтер мен деректерге толы болды. Слайдтар көрсетілімі бойынша отырысқа қатысушы студенттер Елбасы жайында ақпараттармен және көптеген тың мәліметтермен таныса отырып, үлкен әсер алды. Алқалы жиында студенттер өлең-шумақтарын оқып, Президенттің өмірі мен қызметіне байланысты құрылған викториналық сұрақтарға жауап беріп, Елбасының «Елім менің», «Үшқоңыр» сияқты әндері орындалды.

Г.Б. ҚОЗҒАМБАЕВА,

археология, этнология және музеология кафедрасының доценті

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің аударма теориясы және әдіснамасы кафедрасының доценті С. Сейденованың ұйымдастыруымен Н.Ә. Назарбаев – Ұлт көшбасшысы» атты жиын өтті.

Жиынға қатысушылар Егеменді Қазақстанның қалыптасуындағы Елбасының рөлі туралы ой-пікірлерін айтты. Еліміздегі әрбір тұрғын мемлекеттік туды, елтаңбаны, әнұранды, елбасын құрмет тұтуға міндеттілігі жайлы айтылды. Президенттің туған, өскен, есейген жерін, өмірінің қызықты кезеңдерін білу әр адамның қызығушылығын тудыратыны

белгілі. Осы орайда режисер Р.Әбдіраштың «Балалық шағымның аспаны» фильмінен үзінділер көрсетілді. Студенттер «Мен Отаным қандай пайда келтіре аламын?» тақырыбына жазылған эсселерін оқыды. Елбасының әр жылдардағы еңбектері таныстырылды. Еліміздің тәуелсіздігі, Президент өмірі, Астана тарихы жайлы викториналық сұрақтар қойылды. Бұл күн – тарихи таңдау күні, барлық қазақстандықтардың Ұлт көшбасшысы, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне топтасу күні ретінде қабылданды.

А. ДЖАЛТАРМАЕВА,

филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1 курс магистранты

АДАМДАРДЫҢ ЖАСЫЛ КӨМЕКШІЛЕРІ

Еліміздің экономикасына іргелі ғылым қандай нақты жетістіктер алып келеді? Бұл сұраққа б.ғ.д., ҚазҰУ профессоры Заядан Болатхан Қазиханұлы жауап берді. Өз кезегінде көпшілік оның ғылыми жаңалықтарын ерекше деп санайды.

Б.К. Заяданның басшылығымен бір топ ғалым «Ағын суды микробалдырларды пайдалану арқылы биологиялық тазалау технологиясын құрастыру» жобасын жасады. Қазіргі таңда қалалық ағын суды тазалау жүйесі толық тазалауға кепілдік бере алмайды. Мысалы, Алматы қаласы бойынша ағын су механикалық және биологиялық тазартудан кейін Сорбулақ жинағыш көліне құяды.

Зерттеу нәтижесі бойынша осы сулардың химиялық құрамындағы әртүрлі токсиканттар концентрациясы (азот, фосфор) мөлшерден тыс шамада екені анықталды. Ал іс жүзінде бұл судан балық аулайды, ауылшаруашылық жерлерді суғарады. Сондықтан экология мәселелері ФЗИ ғалымдарының ұсынып отырған ауылшаруашылық, өндірістік және коммуналды-тұрмыстық ағын суды биологиялық тазарту технологиясын Spirulina platensis және Chlorella vulgaris микробалдырлар консорциумын пайдалану негізінде құрастырылды.

Зерттеу нәтижесінен белгілі болды. Жасыл балдырлар салмағынан тұратын табиғи биопрудтар судың сапасын анағұрлым жақсартады. Оның ішінде: азот пен фосфордың концентрациясын, оксидтік

тотығуын төмендетеді; оттегі құрамын көбейтеді; судың мөлдірлігін арттырады; жағымсыз иістерді жоюға және санитарлық жағдайды реттейді.

Алматының тазалау құбырларына жүргізілген тәжірибелер бұл әдістің ағын суды тазалаудағы тиімділігі 95% болғанын көрсетті.

Жоба өз кезегінде бұрын-соңды Қазақстанда мұндай зерттеу жүргізілмегендіктен ғана емес, экономикалық жағынан тиімді және де экологиялық таза әдіс екендігімен де ерекше. Сонымен қатар микробалдырлар көмегімен басқа да қосымша ауылшаруашылығына керекті өнімдер алуға болатындығы дәлелденді.

Қорыта айтқанда, қазақстандық ғалымдардың ашқан жаңалықтары адамдардың денсаулығына зиян келтірместен, ағын суды қайта пайдалана алады. Қазіргі кезде суармалы судың тапшылығын ескеретін болсақ, ғалымдардың бұл енгізуі шын мәнісінде теңдесі жоқ жаңалық.

А.А. СКАКОВА,

Экология мәселелері ФЗИ директоры

ЗЕРТТЕУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ТІЛДІК КАФЕДРАЛАРДЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

Жақында халықаралық қатынастар факультетінде университеттің 80 жылдығына орай «Зерттеу университетінің білім беру кеңістігіндегі мемлекеттік және шет тілдері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференция өтті. Конференцияны халықаралық қатынастар факультетінің дипломатиялық аударма кафедрасы, Алматы қалалық жастар конгресі және Еуразиялық зерттеулер институты (ERI) ұйымдастырды.

Конференцияға Еуразиялық зерттеулер институтының директоры (ERI), саясаттану ғылымдарының PhD Мұрат Чемрек, Миландағы Әулие Жүрек Католик университетінің филология ғылымдарының PhD Бельтрами Лучинья, Стамбул университетінің (Түркия) геосаясаттану PhD Мехмет Арслан, ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультеті биофизика және биомедицина кафедрасының доценті Александр Еланцев, Қазақ-Америка университетінің профессор ассистенті Валентина Голикова, ҚазҰУ-дың халықаралық қатынастар мен әлемдік экономика кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мара Губайдуллина және т.б. қатысты. Халықаралық қатынастар факультетінің деканы К.Н. Шакиров өз сөзінде конференцияға қатысушылар назарын мемлекеттік және шет тілдерін оқытудағы әдістемелік аспектілерді талқылаудың қажеттілігіне аударды. Оның пікірінше, әдістемелік негіздер халықаралық қатынастар, халықаралық құқық, әлемдік экономика мен шет тілдерін біліп, аймақтану саласында мамандарды даярлау кезінде табыстың кепілі болып табылады.

Дипломатиялық аударма кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық және халықаралық байланыстар жөніндегі орынбасары Ж.Б. Момынкулов ҚазҰУ-дың таяудағы жылдарда зерттеу университетіне өту мәселесіне тоқталды.

Еуразия ЗИ директоры М. Чемрек ағылшын тілін халықаралық зерттеу жобалары мен академиялық ізденіс жұмыстарында қолдану саласындағы өзінің педагогикалық және ғылыми тәжірибесімен бөлісті. Ағылшын тілі ғалымдар, ЖОО мен институттар арасындағы ғылыми ынтымақтастық пен академиялық және ақпараттық алмасу маңызды құралы болып табылатынын айтты. Сондай-ақ ол «зерттеу университеті» түсінігіне жан-жақты тоқталып, ғылыми кадрларды даярлау мен зерттеу кластерін қалыптастырудың түрік және еуропалық тәжірибесімен бөлісті. Италиядан келген оқытушы Л. Бельтрами Қазақстандағы итальян тілін үйрету туралы ойымен бөлісті. Ол өз сөзінде эмоция мен елтанудың шетел тілін оқытудың негізі болып табылатынын айтты. Елді сүю тілге деген қызығушылықты, итальян тілі мен еліне деген «құштарлықты» арттырады. Мехмет Арслан түрік зерттеу университеттерінің академиялық және сараптамалық ортаны қалыптастырудағы стратегиялары туралы айтты. Ол ғалымдарды дайындаудағы түрік ғылыми орталықтары мен университеттерінің тәжірибесі туралы әңгімеледі, сондай-ақ Түркияның мемлекеттік және ағылшын тілдеріне қатысты тілдік саясаты туралы ақпаратпен бөлісті. ҚазҰУ доценті А. Еланцев Ресей мен Кубадағы шет тілдерін жеделдегіп үйретудегі өз тәжірибесімен бөлісті, ол тілдік ортаны қалыптастыру арқылы шет тілін оқытудың әдісі туралы әңгімеледі. Қазақ-Америка университетінің профессоры В. Голикова өз сөзінде шет тілінен терең білімі бар кәсіби кадрларды даярлауға тоқталды. ҚазҰУ профессоры М. Губайдуллина халықаралық қатынастар факультетін мысалға ала отырып, неміс тілін үйрету мәселелері туралы әңгімеледі. Оның пікірінше, студенттерді ғылыми жобаларға тарту, жұмысқа орналастыру және шетелдік жұмыс берушілерімен таныстыру қажет. Секциялық отырыстарда мемлекеттік және шет тілдерін оқыту үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу, сондай-ақ мәдениетаралық коммуникацияның өзекті мәселелері мен мемлекеттік және шет тілдерін оқытудағы маңызды аспектілерінің мәселелері талқыланды.

А.Ш. БАЙТӨКЕВ,

халықаралық қатынастар факультетінің дипломатиялық аударма кафедрасының меңгерушісі

12-13 декабря в КазНУ пройдет международная научно-теоретическая конференция «Наследие Абу Насра аль-Фараби и современность»



ГҮЛМИРА ҚАЗЫБЕК,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы:

ҚАЗАҚСТАНДЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТАТЫН АЗАМАТТАР БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТТЕН ШЫҒАДЫ

- «Үш тұғырлы тіл» саясаты елімізде қарқынды жүзеге асуда. ҚазҰУ-дың студенттері де кем дегенде 2-3 тілді өздеріне қару етіп алған. Ағылшын тілін үйренуге белсене кіріскендері бар, тек орыс тілінде қарым-қатынас жасап, қазақ тілін шетке ысыратын студент-жастарымыз да аз емес. Жаппы, мемлекетіміз жүргізіп отырған «Үш тұғырлы тіл» саясаты мемлекеттік тіліміздің дамуына қалай әсер етеді?

- Үштілділік - заман талабы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Қоғамға біздің тіл саясатымыздың мәнін тереңірек түсіндіру керек. Ол - мемлекетіміздің ұлттық саясатының өзегі», - деп айтқанын білесіздер. Сондықтан да қазақ тілі - мемлекеттік тіл болса, орыс тілі - ұлтаралық қарым-қатынас тілі. Ал ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Әрбір саналы ҚазҰУ студенті қазақ тілін дамытуға, орыс тілін қолдауға және ағылшын тілін үйренуге ұмтылуы қажет. «Үш тұғырлы тіл» саясаты орыстілі мен ағылшын тілін қолдай отырып, мемлекеттік тіл - қазақ тілін дамытуды көздейді. Қазақ тілі жай әншейін үштілдің бірі болып қалмайды, бірегейі, ең негізгісі болып, ұлтты ұйыстырушы «мемлекеттік тіл» рөлін атқара береді. Мұны көшбасшымыздың өзі айтқан болатын... Президенттің тіл саясатына байланысты көздеп отырған мұрат-мақсаттарын бүкіл халық болып қолдауымыз керек. Егер еліміздегі ұлы тұлғалардың өмірбаянын ақтарып қарайтын болсаңыздар, қай-қайсы болмасын бірнеше шет тілдерін меңгерген. Олар сол шет тілдері арқылы шетелдік үздік тәжірибелерін елімізге алып келіп, ұлттық ғылымымызды дамыта білді. Әрине, орыс және ағылшын тілін меңгеріп алып, мемлекеттік тілді шетке ысырып тастау жақсылыққа алып бармайды. Өз елімізде мемлекеттік тілді қолданып, оны дамыта түсуге тиіспіз. Қазақ елінің заңғар жазушысы М.О.Әуезовтің «Халық пен халықтың, адам мен адамды теңестіретін нәрсе - білім» деген сөзі бар. Сондықтан шет тілдерін үйренудегі басты мақсатымыз - ұлттық ғылымымызды дамытып, әлемдік өркениеттің көшінен қалып қоймау екенін есте сақтауымыз жөн болар еді.

- Ғаламтор материалдарымен ғана шектеліп, кітаптың бетін ашпай диплом алып жатқан мамандардың бар екенін білім және ғылым министрлігінің өзі растап отыр. ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби кітапханасына» қарағанда, «Жастар интернет орталығында» студенттеріміздің көп жүруі - бұл айтып жатқандарымызға дәлел бола алады. Әлемдегі шығатын кітаптың 85%-ы ағылшын тілді екені рас. Дегенмен мемлекеттік тілдегі небір құнды кітаптарды оқымай жатқан студенттер ағылшын тіліндегі кітаптарды оқуы екіталай емес пе?

- Білім және ғылым министрлігінің бұл мәліметі біздің университетке тиесілі емес екеніне кепілдік бере аламын. Кітап оқитын жастар университетімізде өте көп. Жазушы Шерхан Мұртазаның «Мәдениеттің мәйегі - кітап» деген пікірі бар. Ендеше кез келген көшедегі адамнан ҚазҰУ студенттерінің мәдениеті қандай

екенін барып сұрасаңыз, ешқашан төмен баға бере алмайды. Біздің студенттердің мәдениеті жоғары деңгейде. Олар кітаптан жүрдай емес. Өздеріңізге белгілі, университетімізде «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы жоғары деңгейде іске асырылуда. Бұл бастаманың өзі кітап оқушылардың санын еселеп көбейтетіні белгілі. Ал кітапхана мен интернет орталықты салыстырып шешім шығару, меніңше, дұрыс емес. Кітапты кітапханаға барып оқығаннан, жатақханасында оқығысы келетін студенттер де бар. Мен факультетімізге қарасты 17-жатақханаға барып, студенттердің тәртібін, қала-ахуалын жиі қадағалап тұрамын. Сонда байқағаным, студенттердің көп бөлігі кітап оқып отырады. Кейбір студенттердің бөлмесіндегі кітап сөрелерінде ағылшын-тілді кітаптар көптеп ұшырасады. Лингвистика ғылымынан белгілі, кез келген бір шет тілін үйрену үшін сол елдің тіліндегі әдеби кітаптарды оқу тілді тез меңгеруге практикалық тұрғыдан көмектеседі. Мұны ҚазҰУ-дың студенттері де жақсы біледі. Сондықтан қазақ тілді кітаптарды да, ағылшын тілді кітаптарды да, басқатілді кітаптарды да оқиды. «Екіталай» деген сөз біздің студенттерге мүлде жат.

- Гарвард университетін отыз жылдан астам басқарған Чарльз У.Эллиот: «Мен білімділіктің маңызды бөлігі ретінде зияткерліктің бір ғана қажеттілігін мойындаймын, ол ана тілін айқын әрі мүлтіксіз меңгеру» - депті. Шын мәнінде, орыстілді топтарда орыс тілінде жақсы балл алып «білімді» атанып жүргенімен, ана тілін күнделікті қарым-қатынаста қолданбайтын, тіпті, білмейтін қазақ студенттерін «білімді» деп айтуға бола ма?..

- Өте қиын әрі күрделі сұрақ екен (күлді). Күнделікті өмірде қолданбайтын шығар, бірақ ана тілін мүлде білмейтін студентті өз басым кездестірмеппін. Соңғы санақ нәтижесі бойынша, еліміздегі қазақтардың 93%-ы мемлекеттік тілді еркін меңгерген десе, 98%-ы түсінеді және сөйлесе алады деген мәлімет бар. Ал санақтан кейін 4 жыл өткенін, осы уақыт ішінде мемлекеттік тілдің айтарлықтай дамығанын ескерсек, мемлекеттік тілді мүлде білмейді деген «2%» бүгінде жойылып кеткен болуы керек. Оның үстіне, БҰҰ-ның сататистикасы бойынша, Қазақстан сауаттылық жағынан әлемде 14-орында тұр. Осындай сауатты елде өз ана тілдерін білмейтін азаматтардың бар екеніне де сену қиын. Мәселен, қазақ тілін мүлде білмейтін орыстілді топтағы қазақ студентін маған тауып бере аласыз ба? Бере алмайсыз. Ондай студент біздің университетте жоқ. Қазақ тілін күнделікті коммуникацияда қолданбайтын студенттер бар, түбі олар да мемлекеттік тілдің маңызын түсінеді деген ойдамын. Гарвард университетінің профессоры У.Эллиот өте тұщымды сөз айтқан. Менің түсінуімше, «білімді» деген сөздің мағынасы тереңде жатыр. Білім - біздің тұңғыықта жатқан маржанымыз, асыл да қасиетті қазынамыз. Соның ішінде, біздің қазақ тіліміз теңдесі жоқ байлығымыз. Кезінде орысша білім алуға мәжбүр болған, алайда қазақ

тілін дамытуға, зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан ғалымдарымыз, жазушыларымыз да жетерлік. Тәуелсіздіктің жұлдызы жарқыраған бүгінгі уақытта мемлекеттік тілдің дамуына ат салысатын мұндай тұлғалар көбейе түсуіне сенім білдіргеніміз маңызды.

- ҚазҰУ - нағыз іскерлердің ордасы. Еліміздегі ең беделді ғалымдар мен оқытушылар, кәсіби мамандар дәл осы университетте жұмыс істейді. Ендеше ҚазҰУ-дың іскерлік ортасында көбінесе қай тіл пайдаланылады? Іс-қағаздардың, құжаттардың мемлекеттік тілде жүргізілуі қай деңгейде?

- Қара шаңырағымыздың «іскерлер ордасы» екеніне 100% қосыламын. 80 жылдық бай тарихы бар университетіміз қазақ елінің рухани қаймақтарын дайындаумен қатар елдегі ең іскер, сапалы кадрларды дайындап келе жатыр. Биылдың өзінде университетіміз білімнің, мәдениеттің жоғары деңгейлі сапасын көрсетті. ҚазҰУ-дың іскерлік ортасында мемлекеттік тіл мен ресми тіл қатар жүргенімен, бүгінде мемлекеттік тілге айтарлықтай басымдық берілуде. Яғни ҚазҰУ-да мемлекеттік тіл дамуда. ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» тіл саясатын іске асырудың алғашқы кезеңінде негізгі төрт бағытта іс-шаралар жүргізеді. Соның бірі - ресми іс жүргізуді мемлекеттік тілге кезең-кезеңмен көшірудің нақты негізін жасау. Іс-қағаздарын қазақша жүргізу - мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші. Біздің университеттегі ресми құжаттардың 80%-ы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Бұл қуантарлық жағдай. Ал өзім басқарып отырған филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде мемлекеттік тілдегі іс-қағаздар 100% қолданылады.

-Елбасымыз қабылдаған «Қазақстан-2050» стратегиясында «латын графикасына көшу» мәселесі айтылады. Бүгінде білім-дағдыны кириллицада меңгеріп жатқан ҚазҰУ студенттері 2025 жылы еліміз латын графикасына көшкен уақытта грамматикалық сауаттылық жағынан қиналып қалмай ма? Бұл мәселелердің алдын алу үшін қосымша қандай шаралар қолданылып жатыр?

- Латын қарпіне көшу қазіргі қажеттілік. Ғылымның, техника мен технологиялардың таңбалануы дәл осы қаріппен жүзеге асырылуда. «Made in Kazakhstan» деген брэнді әлемге танытуымыз үшін де біз латын графикасына көшуіміз керек. Студенттер сауаттылық жағынан қиналмайды, қайта ұтады деп ойлаймын. Неге десеңіз, қазірде сол студенттеріміз қолданып отырған ұялы телефондарда, компьютерлерде, т.б. латын графикасына басымдық берілген. Университетіміздегі барлық мамандықтарда ағылшын тілі оқытылып жатқанын назарға алсақ, студент жастарымыз қазірдің өзінде бұл графиканы өте жақсы біледі деген ойдамын. Бұл қаріп қазақ тіліне бейімделген уақытта біраз өзгешеліктер болуы мүмкін. Бірақ бұл ешкімге мәселе тудырмайды. Латын қарпі білімнің тез игерілуіне де мүмкіндік береді. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршін кириллицаның 42 әріпіне айлап уақыт жоғалтқанша, латын қарпіне көшкен қазақ тіліндегі 28 әріпті аз уақытта үйреніп алған әлдеқайда тиімді. Одан бөлек,

кириллицада шыққан 10 том кітап латынға ауыстырылғанда бар болғаны 7-ақ томды құрайды екен. 3 том кітапты оқуға да біршама уақыт кететінін ойласақ, латынға және де тез көшкің келеді. Уақыт бәрінен қымбат емес пе?... Бұл - латынның бір ғана ерекшелігі. Одан бөлек, бұл графиканың көптеген тиімді тұстары бар. Егер біз латын графикасына көшсек, онда кеңес үкіметі кезіндегі рухани жәдігерлерімізден айырылып қаламыз деген халық арасында жаңсақ пікір қалыптасқан. Олай болмайды. Біз сонау VII ғасырлардағы руна жазуын, бері келе араб қарпіні, Ахмет Байтұрсынов жасап берген төте жазуды қазірде филолог-студенттерімізге меңгертіп жатырмыз. Күлтегін-Тонжырларын жатқа айтатын студенттер де баршылық. Сол сияқты, болашақта кириллица да қазақ жазуының тарихында өз орны бар графика ретінде қалып, оны да филолог-студенттерімізге меңгертіп, осы қаріптегі білім-қазыналарды латын графикасына аударып халыққа тарататын филолог мамандар дайындалады деген ойдамын. Латын қарпі әлемде тарыдай шашылған қазақ ұлтының мәдени һәм рухани біріктірушісі ретінде де қызмет атқара алады. Себебі, Еуропа қазақтары, дәл іргеміздегі Қытай, Өзбекстандағы қазақтар латын графикасымен сауат ашып, осы қаріпте жазылған кітаптарды оқып жүр.

- Мемлекеттік тілдің ауқымын кеңейту мақсатында университетте қандай жоба-жоспарлар бар? Бұл мәселеге кімдер, қаншалықты көңіл қойып, ықыластық танытып отыр?..

-Мемлекеттік тілдің ауқымын кеңейту мақсатында университетімізде игілікті іс-шаралар жүргізіліп жатыр. Түрлі конференциялар, семинарлар ұйымдастырылады. Жыл сайын тілдер мерекесіне орай, мемлекеттік тілді қолдау мақсатында концерттік бағдарламалар өткізіледі. Университет ректоры Ғ.Мұтановтың өзі тіл жанашыры екендігін білеміз. Осының бір айғағы ретінде Ғалым Мұтанов ректор болып тағайындалғаннан кейін, факультеттерді аралап, факультет ұйымымен кездесу өткізген болатын. Зейнолла Қабдолов атындағы № 314 дәрісханада профессор Дина Әлкембаеваның сабағына кіріп, студенттермен сұхбаттасты. Дәрістің аты «Мағжан поэзиясының тілі» деп аталға. еді. Таң қалғаным, Ғалым Мұтанұлы Мағжан Жұмабаевтың «Әдеміәйел» өлеңін жатқа айтып берді. Бұл өлең 1921 жылы А. Блок қайтыс болған күні жазылған. А. Блокты Мағжан үлкен ақын ретінде құрмет тұтқан. Осыдан-ақ, өзі техника ғылымдарының маманы болғандығына қарамастан, әдебиеттің құнды мұраларын қастерлейтіндігін, мемлекеттік тіліміз - қазақ тілін аялайтынын бірден байқадық. Алаш көсемі Ахмет Байтұрсынұлының: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады», - деген сөзін әрбір ҚазҰУ оқытушылары, студенттері есте сақтауы тиіс. Сонда ғана болашағымыз баянды болып, Қазақстан деген елді әлемге танытатын азаматтар біздің университеттен шығады.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Дінмұхамед АЯЗБЕКОВ

Қазақстан-Франция ғылыми симпозиумы аясында
ҚазҰУ өкілдері мен Лотарингия университеті басшылығы кездесті

«ӘЛЕМНІҢ» ӘДЕБИ СЫРЛЫ СҰХБАТЫ

Жуырда Қазақстан халық жазушысы Қабдеш Жұмаділов университетке келіп, оқырманмен ой бөлісті. Аты Алашқа аян жазушымен жүздесуге жиналғандар саны көп болды. «Әлем» әдеби бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен «Сонарға сіңбес соңғы көш» атты сырлы сұхбатқа факультет деканы Өмірхан Әбдиманұлы мен Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының меңгерушісі, профессор, саяси ғылымдарының докторы Гүлмира Сұлтанбаева қатысты.



Қазаққа құнды туындыларын орту еткен Қабдеш аға қаламының қозғаушы күші шындық екенін айтып, шығармашылыққа бет бұрған жастарға ақиқат жолында жүру керектігін түсіндірді. Тамаша тарихи туындылардың авторы кездесуге келген әрбір оқырманының сұрағына тосылмай толық жауап қатты. Тағдырдан тепкі жесе де сынбаған, қуғын-сүргінге ұшырап жатса да тынбаған өз заманының тарихи шындығын шығармаларына арқау еткен қайсар қаламгермен өткен бұл сырлы сұхбат көптің санасында сақталары анық. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мен кешегі қылышынан қан тамған Кеңес одағының қауышы іспетті өткен кездесуде тарих пен әдебиеттің көпке беймәлім тұстары сөз болды. Қаламгер көп талқыға түспейтін «Түрме әдебиеті» жайлы жиылған қауымды біраз жайттан хабардар етті. Шыңжаңда қалыптасқан «Түрме әдебиеті» түсінігін тереңдете айтып берді.

Әдебиет тарихынан ойып тұрып орын алған «Біржан мен Сара» айтысы туралы туындаған сауалға жауап қатқан жазушы қос ақын арасындағы айтыс туралы ақтарыла әңгімеледі. Қос ақынның да Қазақстан жерінде өмір сүргенін растаған

қаламгер Біржан мен Сара айтыспаған деген пікірді алға тартты. Ақындар арасындағы айтыстың болмағандығын растайды деген бірнеше деректерді келтіре отырып, осы тақырыпты тарқатты.

Сырлы сұхбаттың сәнін келтіріп, сұрақтар мен жауаптардың арасын жалғап, кездесу көптің көңілінен шықсын деп «Әлем» әдеби бірлестігінің мүшелері домбырамен қосыла ән шырқап, жазушыға арнау оқып, Қабдеш Жұмаділов туралы бейнематериал көрсетті. Прозалық туындыларымен танымал Қазақстанның халық жазушысы студенттердің шығармашылығын бағалап, батасын беріп, жастық шағын да есіне алды.

Жазушының қаламынан туған туындылары топтастырылған бір-бір кітабын құшақтап жастар Қабдеш ағадан қолтаңба алуға асықты. Кездесу қатысушылары Қазақстанның халық жазушысымен естелік суреттерге түсіп, сырлы сұхбаттан үлкен әсер алып тарқасты.

Сымбат КАРЛ,
журналистика факультетінің
3 курс студенті

КӨҢІЛДЕН ШЫҚҚАН КЕЗДЕСУ

Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасы жуырда «Ел бірлігі – Елбасы назарында» тақырыбында белгілі қоғам қайраткері, қазақ тілінің бірегей жанашыры Асылы Османмен кездесу кешін өткізді. Жиынға кафедра оқытушы-ұстаздары және студенттер қатысты.

Студенттермен емен-жарқын сөйлесуді, пікір алмасуды әрдайым жаны жақсы көретінін айтқан кеш қонағы жиналған көпшілікті бірден баурап алды. Әсіресе «Қазақстанда өмір сүретін, осы елде туып, осы елде қызмет етіп жүрген өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін білмеуі, халықтың салт-санасы мен дәстүр-мәдениетіне немқұрайлы қарауы – құрметсіздік» деген сөзіне барша тыңдаушылар ерекше разылық танытты. Сондай-ақ қоғам қайраткері өз сөзінде Президент Н. Назарбаевтың сындарлы саясатын толық қолдайтынын және бүгінгі ұйыған береке мен мамыражай тіршіліктің тікелей Елбасы саясатының жемісі екенін айрықша атап өтті. Өз кезегінде студенттер де Асылы Осман апайға көптен көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, нақты әрі тұшымды жауап алды. Тіпті, кейбір жастар қазақ тілінің ертеңіне алаңдайтындарын және өзге ұлт өкілдерін былай қойып, қаны да, жаны да қазақ азаматтарының кейде өз ана тілдерін білмей жататынына қынжыла келе кеш қонағына өздерінің алғыстарын білдірді.

Н. ТҮСІПХАН,
қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының оқытушысы

ТАҒЫЛЫМДЫ КЕЗДЕСУ

География және табиғатты пайдалану факультетінде драматург, жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының, «Құрмет» орденінің, Қазақ ПЕН-клубы мен платиналы «Тарлан» сыйлығының иегері Дулат Исабековпен кездесу кеші өтті.

Ашылу салтанаты қонағымыздың шығармашылығы мен өмірбаянына қысқаша тоқталумен басталды. Келесі кезек студенттердің арнайы дайындаған әсем әндері мен мың бұралған өнерлі қыздардың қазақ биіне ұласты. 1-курс студенттері Дулат ағамыздың шығармаларынан монолоктар оқыды.

Кештің екінші бөлімі жазушымен сұрақ-жауап түріне ауысты. Студенттердің сұрақтарына жауап бере отырып, жазушы өз өмірінен және кітаптың кейіпкерлері туралы қызықты әңгімелеп берді. «Әпке», «Қарғын» сияқты шығармаларының кейіпкерлері туралы сөз қозғағанда жазушының әйел психологиясын жетік меңгергені, әйел жанының жасырын құпияларына құрметпен қарап, үңіле білетіндігіне, философиясының кеңдігіне осы жолы тағы да көз жеткіздік. Тіл туралы сөз еткенде Дулат ағамыз әрқашан құрметпен қарауға, Отанын жанындай сүйіп, мақтаныш тұтып, ана тіліміз үшін бірлесе жұмыс жасап, елімізге, жерімізге мақтанышпен сүйсіне қарауымыздың қажеттілігін жастардың санасына сіңіре білді. Сондай-ақ ол кісінің тапқырлығына тәнті болып, біз білмейтін тағы бір қырын таныдық. Кеш өте тартымды да қызықты өтті. Оны әрбір студенттің дәл бір Алатаудың шыңына шыққандай әсерде болуынан, жүрек түбін қозғаған ерекше бір сезімге бөленген жүздерінен көруге болатын...

А.Ш. ШАКЕН,
рекреациялық география және туризм кафедрасының аға оқытушысы;
Зере АБЫЛХАН,
2 курс студенті

Ертеңгі ел болашағы

Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілі кафедрасы ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға өту концепциясы» тақырыбында студенттер мен магистранттардың арасында дөңгелек үстел өтті.

Қазіргі таңда бүкіл ғаламды алаңдатқан жасыл экономика біздің еліміздің де маңызды мәселесіне айналып отыр. Ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырдан-ғасырға аманат болып келе жатқан тірі табиғат пен қоршаған орта – қай кезде болмасын адамзаттың ең үлкен байлығы. Шара барысында жасыл экономикаға байланысты көптеген маңызды мәселелер талқыланып, оған экономика және бизнес жоғары мектебі, философия және саясаттану факультеті, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті мен заң факультетінің студенттері қатысты. Атап айтар болсақ, жасыл экономиканың Қазақстанның болашағына алып келер артықшылықтары, жасыл экономикаға өту кезеңдері мен бағдарламалары, жасыл экономиканы дамытудағы кездесетін кедергілер, Қазақстанның баламалы шығындары туралы ой-пікірлер айтылды. Сонымен қатар презентация дайындаған студенттер өзге елдердегі жасыл экономиканың даму құрылымдары және тәжірибелерімен таныстырды. Дөңгелек үстел соңында осындай ауқымды жобаның өз кезегінде ой алмасқаны үшін, елімізде үлес қосудағы қадамдары үшін студенттерге алғыс айта отырып, сертификаттар тапсырылды.

Зәуре ЖАНАДИЛОВА,
гуманитарлық факультеттерге арналған шет тілі кафедрасының аға оқытушысы

СӘТТІ ӨТКЕН СЕНБІ

Мұражай ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етіп, өскелең ұрпаққа берері мол екенін ескерген филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин және кафедра ұстазы Әлім Әселдің жетекшілігімен журналистика факультетінің I курс студенттері жуырда Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайына саяхат жасады.

Студенттерге Әбілхан Қастеевтің «Қызды еріксіз әкету», «Сатып алынған қалыңдық», Әлжан Серіктің «Азаттық жаңғырығы», Сидоркиннің «Желтоқсан» картиналары мен «Жер-Ана», «Парасат серпіні» сынды мүсіндер ерекше әсер қалдырды.

Ұстаздар мен студенттер әр өнер туындысының шығу тарихы мен мән-мағынасына бірге көз жүгіртіп, бірге талдады. Экскурсия соңында ардагер ұстаз, ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин тапсырма ретінде студенттерге мұражай экспонаттарынан көрген-түйген ойлары мен алған әсерлерін қағаз бетіне түсіріп келуді тапсырды. Ұлағатты ұстаздың ұйымдастыруымен кезекті сенбі осылайша сәтті өтті.

Ж.А. НОҒАЙБАЕВА,
Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының аға оқытушысы, пед. ғыл. канд.;
Ә. САРҚЫТОВА
журналистика факультетінің
1 курс студенті

МОЛОДЕЖНАЯ ПОЛИТИКА: воспитание гражданской позиции и патриотизма

Студенты факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби Конарбаев Алмас и Жонисова Нургуль приняли участие в Республиканской научно-практической конференции «Проблемы и перспективы развития молодежной политики в Республике Казахстан», которая прошла в г. Астана 20 ноября 2013 г. Организаторами данной конференции выступили ОЮЛ «Конгресс молодежи Казахстана» при поддержке Комитета по делам молодежи Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Она позволила выявить наиболее актуальные проблемы, проанализировать важные аспекты в сфере Государственной молодежной политики в Республике Казахстан, ознакомиться с предложениями и идеями молодых талантливых ученых по решению обсуждаемых вопросов.

Конарбаев Алмас выступил с актуальной проблемой молодежной политики по противодействию экстремизма, правового и духовно-нравственного воспитания молодежи в свете задач, поставленных Главой государства Н.А. Назарбаевым в послании народу Казахстана «Стратегия -2050».

На кафедре международного права накоплен определенный опыт учебно-воспитательной работы, студенты с интересом изучают спецкурс «Международное право и ислам», проводится плодотворная работа по воспитанию гражданской позиции и патриотизма, круглые столы совместно с молодежными организациями.

З.М.БАЙМАГАМБЕТОВА,
ст.преподаватель кафедры международного права

Профессор университета Огайо (США) Джеймс Петрик читает лекции в КазНУ



Даниель Дефоның «Робинзон Крузосы» туралы ой



Менің балалық шағымда компьютер, видеомагнитофон, интернет деген техникалық құралдар болған жоқ. Тіпті, теледидардың өзі ақ-қара түсті әрі оның өзін анда-санда көру үшін ата-анамыздың алдында көп жұмыстарды тындыруымыз қажет болатын. Сондықтан да болар, біздің ұрпақ мектептен тыс уақытта түрлі кітаптарды оқумен, спорт ойындарымен шұғылдануды жақсы меңгерген. Мектеп қабырғасындағы кітапханадан кітап алып, жарыса оқып, одан кейін пікір таластыру өте қызу жүретін. Ал егер кітапты оқи алмай қалсақ онда өзімізді барлық қызықтан құр қалғандай сезінуші едік. Қай сыныпта оқығаным есімде жоқ, бірақ мені Даниель Дефоның «Робинзон Крузосы» таңғажайып бір әсерге бөлегені анық. Неге екенін қайдам бірақ мен Робинзон Крузоның бір аралда 28 жыл бойы жырақта жалғыз тұруы мүмкін емес, ол жазушының қиялынан туындаған деп ойлайтынмын. Кейіннен ержете келе Кеңес өкіметі құлап түрлі ақпараттар легі ағылғанда ғана барып осы сұрағымға жауап тапқандай болдым. Романның жазылуына себеп болған шотландық моряк Александр Селькирктің өмірінде болған оқиға екенін білдім. Жастайынан теңізді сүйші Александр Селькирк қарақшылардың кемелерінде матрос болып жүрген. 1704 ж. қазан айында Селькирк капитанмен ұрысып, Мас-а-Тьерра аралында қалады. Сол аралда Селькирк 4 жыл 4 ай тұруға мәжбүр болады. Дефоның кейіпкері аралда 28 жыл өмір сүрді.....

Тарихшы болғаннан кейін мені толғандыратын тағы бір ой, ол оқиға қай жерде өрбіген және ол жерді картадан тауып алуға болады ма? Сөйтіп, интернет жүйесі арқылы түйгенім, Робинзон – қиялдан туған кейіпкер емес. Даниель Дефоның шығармасы нақты фактілер бойынша жазылған. Кітапта қаһарманның фамилиясы ғана өзгертілген. Сонымен қатар автор аралды Атлант мұхитында орналасқан Кариб теңізінің Ориноко сағасына ауыстырған. Дефо табиғат сұлулығын суреттеу барысында Тринидад және Табаго аралдарының көрінісін пайдаланған. Ал Робинзонның шынайы аралы Чили төңірегіндегі Хуан-Фернандес атты ұсақ аралдар тобының Мас-а-Тьерра (Испан тілінен аударғанда «жағалауға жақын»), Мас-а-Фуера

(«жағалаудан алыс») және Санта-Клара аралдары. Ол 1563 жылы испандық теңіз саяхатшысының арқасында ашылған болатын. Сонымен, осы аталған үш аралдың алғашқысы Робинзонның өмір сүрген құпия мекені болып табылады. Ал оның жанында атақты Александр Селькирктің аралы бар.

Бұл кітаптан үйренетін жер өте көп. Адам баспаған иесіз аралда қалған Робинзон Крузо адамзат өркениетін жүріп өткен жолын қайта өткеріп, өз тіршілігін қалпына келтірген. Иесіз аралда отырып ол былай деп толғанады: «Тағдыр мені құлазыған тіршілігі жоқ аралға айдап келді. Мен тіршіліктен аластатылған адаммын, мен қайғы жамылып қана өмір сүремін. Мен адамзат баласынан, адамдар қоғамынан аластатылған

диуанамын. Менде киер киім жоқ. Жабайылар мен жыртықштардың шабуылынан қорғансызбын. Мен жалғыз қалдым, тіл қатысар маңайымда жан баласы болған жоқ және мені жұбататын да ешкім болмады» дей келе Р. Крузо қауіпті де алмағайып жалғызділікті ғұмырында пешенесіне жазылған адам тәзгісіз қиындықтардың бәріне төтеп берген. «Бірақ мен жолдастарым секілді ажал құшпадым. Есесіне мен біздің экипаждан да ажыратылдым, ажал маған ғана жетпеді, мені өлімнен құтқарған күш енді осы қиын сәттен де құтқарар. Бірақ тіршілігі жоқ маң далада аштан өлмедім. Бірақ мен киім киюді қажет етпейтін өте ыстық аймақтамын. Бірақ мен мекендеген аралда адамдар өмір сүрмейді, бұл жерде Африка жағалауындағыдай бірде-бір

жыртықшаң көрмедім. Егер сол жағаға қалсам, көрер күнім не болар еді. Құдайдың құдіретімен біздің кеме жақын жерде апатқа ұшырады, мен тек күнделікті тұтынатын қажетті нәрселерімді ғана емес, өмірімнің соңына дейін өзімді-өзім асырау үшін азық болатын көп нәрсеге ие болдым», - деп тағдырына көнеді. Сондықтан да бұл кітапта адамның ақыл-парасаты мен ерік-жігерінің сын түсіп, шар болаттай шындалуының әдеби-көркем баянының үздік үлгісі берілген.

А.Б. МҰСАҒҰЛОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының доценті

СЕЗІМТАЛ, СЫРШЫЛ АҚЫН

Жуырда филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, Қазақ филологиясы мамандығының 2 курс студенттерінің қатысуымен қазақ өлеңінің жел жетпес дарабозы, Алаштың маңдай алды, озық ойлы, сыршыл да халықшыл дара ақыны Мағжан Жұмабаевтың 120 жылдық мерейтойына орай, «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы аясында ақынның шығармашылығына арналған «Мен жастарға сенемін!» атты әдеби-сазды кеш өтті. Топ жетекшісі Күзембекова Жанна Жалайырқызының ұиытқы болуымен өткен бұл кештің қадірлі қонақтары болып, факультеттің аға куратор әдвайзері Эльмира Бектұрғанова және жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының ұстаздары қатысты. Тәлімдік мәні зор осы кеш Мағжандай дүлдүл ақынның «соқтықпалы,соқпақсыз» өмір белестерінен сыр шертепін, тарих қатпарларынан табылған соны дерек көздерін көрермен қауымға зор ықыласпен, жоғары дәрежеде жеткізумен қатар, Мағжанның ауыр трагедияға толы ғұмырынан елес беретін, жыр жауһарларымен қоса өрліген сахналық қойылыммен жалғастығын табуы ешкімді де бей-жай қалдырмады.

Кеш соңында оқылған М.Жұмабаевтың ұшқын атқан, асқақ рухқа толы, белгілі «Мен жастарға сенемін!» өлеңіне жауап ретінде, студенттер бірауыздан, «ҮМІПНДІ АҚТАЙМЫЗ!!!» деген жауап қатты.

Ақынның өрелі өнегеге толы өмір жолдарын, осылайша, шығармашылық сипатта ұсынған бұл кештен алған әсерлерімен кешқонақтары бөлісуге асықты. Жалпы тіл білімі және шетел филологиясы кафедрасының оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Мәмбетова Мәншүк Құдайбергенқызы: «Ұлылар мұрасын ұлағаттап, бойына сіңіруші жастар тұрғанда ұрпақтар сабақтастығы үзілмейтіні секілді, Мағжан мен сіздердің рухани үндестіктеріңізді көре алдық. Осындай жастарымыздың арқасында еліміздің болашығы зор болатынына сенімім мол», - деп өз ықыласын білдірді.

Студенттердің зор құлшыныспен, асқан жауапкершілікпен атқарған бұл игілікті іс-шарасы өз мақсатына толық жетті деген сенімдеміз.

Бақыт ҚОРДАБАЙ,
филология, әдебиеттану және әлем тілдері
факультетінің 2 курс студенті

Отрывок из романа «Робинзон Крузо»

Стр. 14

... И тут впервые я понял, что значит «дело-табак». Должен, однако, сознаться, что, услышав крики матросов: «Корабль тонет!», я почти не имел силы взглянуть на него, ибо с тех пор, как я пошел или, вернее, когда меня сняли в лодку, во мне словно все оцепенело от смятения и страха, а также от мысли о том, что еще ждет меня впереди.

Покуда люди изо всех сил налегали на весла, чтобы направить лодку к берегу, мы могли видеть (ибо всякий раз, как лодку вздымало волной, нам виден был берег), что там собралась большая толпа: все суетились и бегали, готовясь подать нам помощь, когда мы подойдем ближе. Но мы двигались очень медленно и добрались до земли, только пройдя уинтертонский маяк, там, где между Уинтертоном и Кромером береговая линия изгибается к западу и где поэтому ее выступы немного умеряли силу ветра....



**ЖОБА УРАНЫ: КІТАП ОҚУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ,
КІТАП ОҚУ - МӘРТЕБЕ!
ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!**

Университет студенттерін кітап оқуға тарту, «ҚазҰУ-дың студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасын кеңінен насихаттау, кітап пен кітап оқудың беделін көтеру мақсатында 1 қазан-25 қараша аралығында ұйымдастырылған «Алтын формуляр» сайысы оқырмандар сұранысы бойынша жалғасуда.

Сайыстың Ережесіне сай шығармашылық жұмыстарыңызды 2014 жылдың 1 ақпанына дейін ұйымдастырушыларға тапсыруларыңызға болады.

Сайыстың қорытындысы 2014 жылдың 10 ақпанында шығады.
Байланыс телефоны: 393-48-31

Ұйымдастырушылар:

Ғылыми кітапхана, көпшілікпен жұмыс жүргізу секторы,
Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент

«Робинзон Крузо»

Әлем әдебиетінің жауһары болып табылатын Даниель Дефоның «Робинзон Крузосын» оқымаған адам кемде-кем шығар. Қаһарман теңізшінің басынан өткерген қызықты оқиғалары арқау боп өрілген бұл шығарманың бас кейіпкері Робинзон Крузоның өмірде Александр Селкирк есімді шынайы прототипі болған.

Тылсым табиғаттың адамзат баласына белгісіз долы апаттарының біріне тап болған теңізші қалайша көркем шығарманың кейіпкеріне айналды? Және бұған кім себепкер? Бұл сұрақтардың оқырман қауымын қызықтыратыны аян.

Көптеген әйгілі туындылардың барлығының дерлік негізгі идеясы, оқиға жеңіліс өмірдегі жайттардан алынады. Сол секілді Робинзон Крузоның прототипі Александр Селкирк романда баяндалатын жағдаяттарды басынан кешкен. Өзге адамдардан жырақ, жападан-жалғыз бұйығы тіршілік етіп жатқан адам жайлы төрткүл дүниенің хабардар болу-болмауы екіталай еді. Қарапайым ғана теңізшінің оқырмандардың ықыласына бөленіп, сүйікті кейіпкеріне айналуына бірден-бір сеп болған - Томас Довер.

Томас Довер - Англияда XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында өмір сүрген кеме капитаны, сонымен қатар теңіз қарақшыларының басшысы. 1709 жылы ол өз кемесімен сапарлап жүріп Александр Селкирк өмір сүріп жатқан аралға табан тірейді. Томас Довер оны тауып, өмірдің арнасына қайта араластырады. Александр Селкирктің шынайы, әсерлі оқиғалары естіген жанды баурап, барлығын да қызықтыра түседі. Кейіннен бұл әңгімелер ұзақ уақыт бойы айтылып жүрді. Даниель Дефо естігенді еркінен тыс елтепін осы әңгімелердің әсерінен қаламын тербеп күні бүгінде де өзінің мән-маңыздылығын жоғалтпаған романды дүниеге әкелді. «Робинзон Крузо» романының әлі талай ғасырлар бойы өз оқырманының жүрегін орын тауып, мәңгілікке ұялары анық.

Ақбота КЕНЖЕҚОЖАЕВА

Бетті жүргізген әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кітапханасының кітапханашысы Шынар МҰҚАШЕВА

Францияның ҰҒЗО (CNRS) қолдауымен әрі ҚазҰУ-дың қатысуымен Қазақстан-Франция бірлескен ауқымды зерттеу зертханасы жобасы іске асырылмақ



Балауса Әмірғазықызы Еркінбек 1993 жылы 24 қыркүйекте Алматы облысы, Қаратал ауданы, Үштөбе қаласында дүниеге келген. Балалық арманы әдебиетпен астасқан арман-қиял оны биіктерге жетеледі. Шығармашылық қаламына шабыт беріп, ойына сұлу сөздер құйды. Алматыдағы Абай атындағы республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған мектеп –интернатын тәмамдап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетіне түсуінің өзі сол шығармашылыққа деген жүреkteгі махаббаты болар. Бүгін назарларыңызға Балауса қыздарыңыздың жеке шығармашылығынан эсселік-әңгімелерін ұсынып отырмыз.

БІР ҒҰМЫР...

Біздің әулет жұртқа сыйлы, абыройлы сыйеді. Әжемнің, әкемнің айтуы бойынша, біздің құрмет атамның арқасында келген дүниеге екен. Өзі әкенің қамқорлығынсыз, ананың мейірімін көрместен адам болған жан. Өзін де, отбасын да сыйлы қылған, адамгершілігі, еңбекқорлығы, кез келген адамның бойынан табылмайтын асыл қасиеттері жайында да көп естимін, сол кезде әттең, неге ерте туылмадым екен, неге атамды көріп үлгермедім екен деп өкінемін. Кішкентай кезімде әкемнің соңынан қалмай «әке, атам жайында айтып берші, тағы да... тағы да...» деп жүгіріп жүретінмін. Сол мені қызықтырған әңгімелердің ішінде есімнен кетпейтіндей етіп жылап отырып тыңдаған бір әңгімем бар. Оны атам әкеме, әкем маған айтқан болатын. Сол өмірінен алынған үзінді.

«Әкем дүниеден өткен кезде мен бес жаста, інім үш жаста болатын. Үй алдында ойнап жүрген кезіміз, кенет аулаға атты адам кіріп келді, анамызды көріп амандасып, бір шөлмек су сұрады. Ойнап отырған бізге көзіміз бір қиығын тастап, анам ішке енген сәтте, мені және інімді атынан түспестен екеуімізді екі құшағына қысып, шаба жөнелді. Не болып жатқанын түсінбедім, інім дауыстап қатты жылаған соң, мен де шыдамадым, көзімнен жас тоқтамастан аға берді, бойымды қорқыныш билеп алды. Соңымыздан анамыз қарап, үнсіз жылап тұрды. Сол бейне көз алдымнан еш кетер емес, санамда әлі күнге «неге анамыз бізді алып қалуға тырыспады», деген бір сұрақ жанымды жегідей жеп, көкейімді тесіп кетердей болып көрінеді. Міне, осы сәттен бастап біз, тірі жетім санатына қосылдық.

Есімді жиып қарасам, әлі ат үстіндеміз, бастапқыдай емес ат шабуын бәсеңдеткен, ұшаған, бізді алып келе жатқан кісінің де үнсіз түскен, енді таныдым, әкемнің үлкен бауыры болатын. Бауырының балалары жат жерде өспесін деген болу керек, қан жібермейді ғой, шіркін... Дегенмен, анамнан сұрап немесе неге бәрімізді бірге алып кетпеді екен, жесір қалған жеңгелерінің көз жасын көргісі келмегеннен болар, содан қашты ма, әлде басқа себебі бар ма екен? Оны да білмедім.

Межелеген жерге де жеттік. Шағын ауыл, күнбатыс жағында өзен ағып жатты, мен көрмеген өзгеше әлем, бәрі бейтаныс, адамдары да, қызарып батқан күні де, самайымды сипап өткен самал желі де, бәрі-бәрі де. Кешкілік ауылдың қызық та қызу тіршілігі еді, көкке көтерілген шаң, иттердің жарыса үргендері, мал-жанның дауыстары араласып шуға айналған болатын.

Үлкен ақсақалдың үйіне кірдік, жаңағы кісі бізді жеңгейге табыстап өзі төр бөлмеге кіріп кетті, бір нәрселерді айтып жатты, бірақ әңгімелері ұзаққа созылмады. Бөлмеден қайта шығып, маған қарап енді сен осы үйдің баласысың деп үн қатты, інімді жеңгейдің қолынан алып үйден алып шығып бара жатты, көзіме жас келді, екеуімізді екі үйге қалдырды, енді ең соңғы жақыным - інімді алып бара жатқаны несі деп тағы күнжілдім,

денемнен жүрегімді жұлып алғандай болды, әлі қиындықтың дәмін татпаған мен үшін ең ауыр күн осы болды, анамнан да, жақынымнан да алыс кеттім, бейне бір түс секілді, көзімді ашқан сәтте бәрі жоғалып, қайтадан ананың құшағында оянатын тәрізді болып тұратын. Сол түні дөңбекшіп, ұйықтай алмадым, кеудемнің сол жақ тұсы қатты ауырды. Бәрі бір сәтке тоқтап қалғандай, бас қойып сүйенетін жан жоқ сияқты көрінді.

Бастапқы күндері қиын болды, не дегенмен баламыз ғой. Анаңды іздейсің, мейірімін, жылуын сағынасың, үйге қайтқым келіп тұратын. Мына жақта да бізге жаман қараған жоқ, қолдарынан келгенше жан жылуын беруге тырысты, мейірлене қарайтын да еді. Бірақ не десең де өз шешеңнің қамқорлығын ештеңе алмастыра алмайды ғой. «Басқа салса баспақшыл», қайтеміз, кейіннен оған да көңдіктім, інімді күндіз жанымнан тастамай ертіп жүретінмін. Жалғыз жұбанышым осы болды.

Мен тұрып жатқан үй, бұл үй мені өзінің туғанынан кем көрмеді, маған бәрін берді. Бұл кісілерге мен де үйрендім. Осылай уақыт артынан уақыт өте берді, бірақ мен анамды күтетінмін, бір күні келер деп жүректі толқытқан сезім, сол сезіміме деген шүбәсіз сенім мені ешқашан тастаған емес. Малды өріске жіберерде де, қайта айдап келе жатқанда да сол баяғы біз келген жолға жалтақтап қарай беретін едім. Анамыз бізді алып кетсе екен немесе бір рет болсын маңдайымнан сипап иіскесе деп армандайтынмын. Жоқ, жыл артынан жыл өтіп жатты ал менің арманым орындалмай, тілегім жауапсыз қала берді. Осылай біздің балалық шағымыз өтіп, есею жылдарына да келіп қалдық.

Жиырмадан асқан жасымда отбасылы болдым. Апаларыңды суға барғанда шанама салып, шелегімен бірге алып қаштым, сөйтіп екеуіміз шаңырақ көтердік. Бастапқы жылдары қатты қиналды, жайлауға көшіп тұрмысымызды осы жерден бастадық. Қазақ үйде тұрдық. Ұсақ малдан бастап бақты, бір сом болсын жаратпай, кейін балалы болғанды керек болады деген оймен жинай бердік. Бір күні қазақ үйге бұзау кіріп бар ыдысымызды шағып кетіп қызық болған. Осылай ақырындап жағдайымыз жақсара бастады. Ештеңеге қарамай еңбектене бердім. Отбасымызға тұңғыш болып егіздер дүниеге келді, бірақ олардың көретін жарықтары көп болмады, тағдыр өзі сыйлаған нәрестелерін өзіне қайта алды, өмірімдегі екінші ауыртпалық оқиға осы болды. Кейіннен отбасымыз толығы бастады. Алдыда тек бір мақсат болды, ол осы балаларымды жетілдіріп жеткізу, өзімде болмаған балалық шақтарын қайтсем жарқын қылдырам деген ой алға жетелеп, тек балаларымның арқасында уайым қайғыны ұмыттым. Уақыт та шаңына ілестірмей зуылдап өтіп жатты, сөйтіп өміріміздің қызығы мен шыңығы қатарласып, ел қатарлы күн кешіп жүрдік.

Балаларымның алды отызға таяп, арты он бестер шамасында. Отбасымызда



Жаңа оқу жылының басы еді. Студенттер тегіс келген, әңгімелесіп отырып барлығымыз бір ауыздан Құмбелге шығамыз деп келістік. Ертеңінде таңғы сегіздер шамасында шыңға қарай жол тарттық.

Автобус зымырай жөнеліп, Медеу бекетінен түсірді. Таудың етегінде тұрғанның өзінде денең шымырлап, қала түініне тұншыққан өкпеміз ашылып, таза ауаға шыққанда танауымыз кеңейіп, қомағайлана демалып, бостандыққа шыққан жандай емірене, еркін тыныстадық. Күн салқындап, суыта бастаған. Әрқайсымыздың қолымызда бір-бір қап, ішінде өзімізге міндеттелген тіске басарларымыз болатын. Басшымыз да бар ол осы шағын саяхатты ұйымдастырып отырған кафедраның оқытушысы, сол кісінің бұйрығымен жүретін болдық. Басшының бұйрығынан аса алмайтынымызға біраз налып едік, себебі күнделікті қаланың қымқуып тіршілігінен бір сәтке болсын алыстаған жүрек, шіркін, биікке самғап, өзгеше бір сезімге бөленгісі келетіндей еді. Осы күнді асыға күттім, бірақ мен бұл шыңға сеніммен шыққым келген еді... Күнде тауға шығып көрмеген адамға, бір күнде үш мың алты жүз метр биіктікті бағындыру, денсаулығына қиындау болады екен. Жоғарыға қарай жылжып келеміз, бастапқыда жеңіл болғанымен кейін аяқ алысымыз ауырлай бастады. Алдымызда тек биікке көтерілген бір аяқты жол жатыр. Самайдан аққан тер, кірпікке келіп жерге үзіліп жатты. Жоғарыдан түскен күннің сәулесі талдардың, жапырақтардың арасын жарып, табиғат әсемділігіне өз үлесін қосып тұр.

Түс уақыты, межелеген жердің дәл ортасына жеттік, Басшымыз "барам дегендер болса, он бес минуттан соң қозғаламыз", - дегенде мен екі ойлы болдым. «Шаршадым, бармай-ақ қойсам ештеңе етпес» деп ойладым, екінші жағынан, «осы шыңды сен үшін бағындырамын», - деп, келдім ғой, деген екі ой арасында қалдым. Жүретін уақыт та жетті, бірінші топ болып жүріп кеттік. Бастапқы қадамдарым жеңіл басылып, бірте-бірте қиындап, екі аяғым тас байлап қойғандай, аяқ алысым ауырлап кетті. Дем алысым, жүрек қағысым жиілеп, атша тұлады. Бірде суық, бірде ыстық, енді бірде тау жақтан соққан ызғарлы жел, тұрған жеріңнен ұшырып әкететіндей болып көрінді. Аяғымды әрең алып барам, бойымда шаршаудың белгісі бар, әр он қадам аттаған

сайын бес минут демалып отырдым. Таудың шыңына қарасам ойға шомып кетем. Бір жағына қарасам алыста қалған қала, шуы да басылған, тып-тыныш, екінші жағымда өзді-өзі болып қабағына қар қатқан тау. Шыңынан бастап етегіне дейін бойлап жатқан тұман, бейне бір өң мен түстің арасындай, біресе анық, біресе алыстағы сағымдай тамаша бір көрініс болып тұр. Бұл да бір табиғаттың өзгеше тылсым әсемдігі, сөзбен айтып жеткізе алмайтын көрініс.

Түс ауған уақыт, әлі келеміз, аяқтарымызды әрең бағындырып келем. Шаршасам тауларға көз жүгіртем, артыма қарасам, достарым алыста қалыпты. Олар да кішірейіп, құмырсқа тәрізді тізіліп келе жатты. Таудың жанында адам деген кішкене жәндік тәрізді екен.

Қара таудың артынан ақ басты, шыңына жаңа қар түскен үлкен ала тау көрінді. Ол сол қара таудың артынан бізге ұрлана қарап тұрғандай. Бірақ бірте-бірте ол да бір қабағына қар қатқан, кең далаға шалқая орныққан биік тауға айналды.

Белгіленген жерге жеттік. Сол сәтте кеудемді кернеген қуаныш шаршағанымды ұмыттырып, балаша қуантты. Сен үшін жеттім, бұл жерге менің саған деген кіршіксіз пәк сезімім жетелеп алып келді. Бұл шыңды мен «Махаббат шыңы» деп атадым. Шың басында ұзақ үнсіз тұрдым. Құлақ түбінен соққан салқын жел, алып таулардың, мына тылсым әлемнің сырын ақтарып, құлағыма сен жайлы әлде бір нәрселерді сыбырлап айтып жатқандай. Айналып келіп бір тауға, онан соң екіншісіне, үшіншісіне кезек-кезек қараймын, қолға түскен ақбөкеннің лағындай аласұрып, паң даладан сенің бейненді іздеймін. Сен де осы шыңды көрсеткен екен деп ойлаймын. Төмен қарай көз жүгіртсем, кіші-кіші таулар, маған қолдары жетпейтіндей, сол жақты қанағат тұтып жатқандай тыныш жатыр. Одан ары жазық дала. Осылай өзгеше бір сезімнен күш алып, уақыттың қалай өткенін аңғармай қалыппын. Қайтатын болғандықтан, барлығымыз төмен қарай беттедік. Жоғары көтерілгенімізге қарағанда, төмен түскеніміз тез болды. Бірінші түскен бекетімізге де жеттік. Барлығымыз шаршағанбыз, оған қоса кешкілік ауаның салқындығы бар. Сөйтіп, әрқайсымыз топтасып, бірі үйлеріне, ал жатақханаға қайтатындары жатақханаға қайтыстық.

Алыстан осы шыңға көз тастаған сайын әрдайым сені есіме аламын, менің кіршіксіз махаббат шыңым...

үлкен қуаныш, үлкен той болғалы жатты. Тұңғышымыз шаңырақ көтерді, осы тойды абыроймен атқарсам деп жүгіріп жүрдім. Ол күнге де жеттік. Шуылдасып жүріп тойды да бастап кеттік, топ арасынан көзіме оттай басылған бір жанның бейнесін көрдім, жүрегім алқымыма келіп жұлқып соға бастады. Бес жүз адамның ішінен лезде таныдым, танымасқа қалай, тоғыз ай жүрегіңнің астында көтеріп, ақ сүтін берген анаңды танымасаң күнә болатын шығар. Жарты ғасырға жуық уақыт өткеннен кейінгі көріп тұрғаным осы еді. Жүзінде әжімі көбейген, ұзын бойлы, әлі де еңкейе қоймаған, маған жақындап келіп құшақтап жылап жіберді, өзімді әрең ұстадым. Неге екенін білмеймін ол кісіге деген бір қаталдық сезімі бар еді ішімде, маған қандай жақын, қандай ыстық болса, бір жағынан сондай

алыс және суық болып көрінетін. Сөйтіп, тойды да өткердік, ол кісіні қонақ қылып күтіп алдым және қонақ қылып шығарып салдым. Неге бұлай істегенімді өзім де түсінбедім, сонша уақыт сағынып күткенім келгенде неге жылы қабақ таныптадым, неге? Балалық махаббатымның орнын, өткен күннің ренжісі алмастырды, неге екені белгісіз, бәлкім, бұл өмірдің заңы шығар».

Бәрімізге берілетін тағдыр сыны әр түрлі болады екен. Бірақ асыл жандардың өмірден ерте кететіні қабырғанды қайыстырады. Атамның анасымен соңғы кездесулері, атамның жерлеу кезінде болды, баласының зарынан соң, көп ұзамай ол кісі де көз жұмды. Осылай екі тағдырдың кітабына нүкте қойылды.

Жетекші Қарлығаш МЕРТЕНБАЕВА

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН II АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

Жуырда Павлодар қаласында тоғызқұмалақтан өткен II ашық Азия чемпионатына ҚазҰУ-дың физика-техникалық факультетінің 1 курс студенті Бексұлтан Бостандықов пен дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы, тоғызқұмалақтан ҚазҰУ құрама командасының жаттықтырушысы Айнұр Молдахметова ҚР құрама командасы мүшелері ретінде қатысып қайтты. Аталған бәсекеде Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Түркия, Түрікменстан, Моңғолия және Әзірбайжан мемлекеттерінен 94 спортшы атсалысты.



Халықаралық тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Бәйменовтің айтуы бойынша, соңғы жылдардағы тоғызқұмалақтың дамуы, әлем елдеріне танылуы көңіл қуантады. Қазақ елі Тәуелсіздік алған жылдары облыстық, республикалық жарыстарды ғана ұйымдастыратын. Бүгінде Азия чемпионатын, әлем біріншілігін өткізіп, өзге ұлттардың тоғызқұмалаққа деген қызығушылығын арттыруда. Бұл – үлкен жетістік. Аталмыш бағыттағы жұмыстар тоқтамақ емес. Тоғызқұмалақты орта мектептерде арнайы пән ретінде енгізудің тетіктері қарастырылуда екен.

Тоғызқұмалақ ойынының ЖОО студенттері арасында дамуына ҚазҰУ да өз үлесін қосуда. Университет студенттері тоғызқұмалақ секциясында жаттығу сағаттарынан өтіп республикалық және халықаралық жарыстарда жүлделі орындарды иеленіп жүр. Мұның тағы бір дәлелі ретінде II Азия Чемпионаты

жарыстарының қорытындысы бойынша физика-техникалық факультетінің 1 курс студенті Бексұлтан Бостандықов 19 жасқа дейінгі жастар арасында I орынды және дене шынықтыру және спорт кафедрасының аға оқытушысы, тоғызқұмалақтан ҚазҰУ құрама командасының жаттықтырушысы Айнұр Молдахметова әйелдер арасында III орынды иеленіп жеңімпаз атанды.

Тоғызқұмалақ ұлттық ойынына атүсті қарамайтын, төл ойынымызды бүкіл әлемге танытуға барынша атсалысып жүрген университетіміздің студент жастарын аталған жеңістерімен құттықтай отырып, алдағы дүбірлі жарыстарда спорттық жетістіктер тілейміз.

Ж. Б. САБЫРБЕК,
дене шынықтыру және спорт кафедрасы меңгерушісінің орынбасары, Ph.D.

ЖЕҢІСТІ ЖАРЫС

Қараша айында Тараз қаласында қазақ халқының ұлттық ойындарының бірі тоғызқұмалақтан жастар арасында ҚР Чемпионаты болып өтті. Жарысқа республикамыздың 12 облысынан және Алматы, Астана қалаларынан келген барлығы 190 спортшы қатысты. Аталған жарыста әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттерінен құралған команда да өз бағын сынап қайтты.

Команда құрамында механика-математика факультетінің 2 курс студенттері Асқар Дәурен, Нұрсұлтан Орақов, экономика және бизнес жоғары мектебінің 3-курс студенті Алтынгүл Нағымова, физика-техникалық факультетінің 1 курс студенті Бексұлтан Бостандықов ойын көрсетті.

Экономика және бизнес жоғары мектебінің 3 курс студенті Алтынгүл Нағымова 20 жастағы қыздар арасында өткен жарысқа қатысушы 28 спортшының ішінде тоғызқұмалақ ойынының классикалық түрінен 2-орын және блиц ойынынан 1-орынды иеленсе, физика-техникалық факультетінің 1 курс студенті Бексұлтан Бостандықов 18 жастағы ұлдар арасында өткен жарысқа қатысушы 29 спортшының ішінде тоғызқұмалақ ойынының классикалық түрінен 2-орын және блиц ойынынан 3-орынды иеленді.

Спортшы-студенттерімізді аталған жеңістерімен құттықтай отырып, алдағы жоспарлы жарыстарда жеңіс тұғырында көрінулеріне тілектестік білдіреміз.

А.Ш. МОЛДАХМЕТОВА,
тоғызқұмалақтан ҚазҰУ құрама командасының жаттықтырушысы, ҚР тоғызқұмалақтан спорт шебері

«79 ЖЫЛДЫҚТА 79 ТЕҢГЕМЕН ТҮСКІ АС» ӘЛЕУМЕТТІК АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Сұңқар» студенттер кәсіподағының ұйымдастыруымен «Біз – дұрыс тамақтануды қолдаймыз» жобасының аясында университетіміздің 79 жылдық мерейтойына арналған «79 теңгелік түскі ас» атты акция өтті.



Еліміздің белді білім шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихына 79 жыл толса, 1999 жылдан бастап заңды мекемеге айналған «СҰҢҚАР» Студенттер әлеуметтік кәсіп одағына 14 жыл толып өз жұмысын бүгінгі күнде атқарып келеді.

Университеттің белсенді жастарының ұсынысымен қолға алынған әлеуметтік акция ҚазҰУ-дың 75 жылдығында бастау алып, биыл дәстүрлі түрде бесінші жыл өткізіліп жатыр.

«Сұңқар» кәсіподағының «Біз – дұрыс тамақтануды қолдаймыз» атты үлкен жобасы бұл акцияның басты ұраны болып келеді. Дені сау ұрпақ дені – сау ұлт бастамасы. Күнделікті біліне бермейтін іс болса да, дұрыс тамақтану ол – ертеңгі ұлттың жалғасуын, ұлттың мықтылығын қамтамасыз ететін бірден-бір фактор болып табылады.

Студенттер дәл осы күні сағат 12.00 мен 16.00 аралығында құны 79 теңге тұратын талон алып, дәмі тіл үйіретін тағамдардан дәм татып, түскі ас ішіп қана қоймай, көңіл күй көтеріп, әсем ән мен би, қызықты ойындарға қатысуға мүмкіндік алды.

Тамақтануға келген әрбір студенттер арнайы тілек жазуға қойылған тақтаға ҚазҰУ-ға, кәсіподаққа деген ақ тілектерін арнады.

«Бұл акция «Сұңқар» кәсіподағының әрдайым студенттерге үлкен қаморлықпен қарайтындығының және «Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» демекші Қазақстанның кемел келешегіне алаңдайтындығының тағы бір дәлелі» - деді жастарды ұйымдастыру комитетінің жетекшісі Нұрлан Әбдіқадіров.

Қазақстан бойынша ең бірінші және бірегей болып бес жыл қатар мұндай акция ұйымдастырып келе жатқан ҚазҰУ-дың «Сұңқар» студенттер кәсіподағы бұл іс-шараны еліміздегі өзге де университеттерге үлгі етеді.

Айзада ЖОЛДАСОВА,
«Сұңқар» студенттер кәсіподағының мүшесі

«АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, АУЫРМАЙТЫН ЖОЛ ІЗДЕ!»

Жуырда Ғылыми кітапхана ғимаратында биофизика және биомедицина кафедрасына қарасты «Хронобиология» орталығы мен «Биофизика және биомедицина проблемалары» үйірмесінің және кафедра ұжымының ұйымдастыруымен «Темекі және нашақордан сақтанайық» тақырыбында факультет деңгейінде ғылыми-тәрбиелік мәні бар семинар өтті.

Семинарда биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі, профессор С.Т. Төлеуханов қауымға темекі шегу мен нашақорлыққа берілудің алдын алу заңды түрде қаралып жатқанын, Қазақстанда қоғамдық орындарда шылым шегуге тыйым салынғанын жеткізді.

«Хронобиология» орталығының жетекшісі, доцент Н.Т. Абылайханова тақырыпқа байланысты жасаған баяндамасынан үзінді келтірсе: «Темекіден ауаға жылына 720 мың тонна күкірт қышқылы, 384 мың тонна аммиак, 180 мың тонна никотин, 660 мың тонна темекі майы, 550 мың тоннадай иісті газ шығып тұрады». Осы темекі түтініндегі улы заттар барша жанға ойлануға ой тудыратын жай емес пе?!

Терапевт А.Р. Сәбитова денсаулық тұрғыдан темекі мен нашақорлықтың зардаптары жөнінде ақпарат берді. Бұл заттардың асқа деген тәбетті қайтарып, ас қорытуды қиындататыны, қан айналымына кері әсерін тигізетіні, тамырды қатайтып жіберетіні (атеросклероз), көмекей, өкпе, өңеш рагына ұшырату мүмкіндігін, созылмалы тыныс жолдарының қабынуына әкелетіндігі, гигиеналық жағынан тісті сарғайтып, ауыздан жағымсыз иіс шығаратыны жөнінде жақсы сөз сөйледі.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!» деп айтылған қанатты сөздерді айта отырып, алдын алу шаралары ретінде барлық жанға айтарымыз, салауатты өмір салтын сақтай отырып, құнарлы тамақтанайық! Етті, сүт өнімдерін, балықты, дәнді дақылдарды, көкөністер мен жемістерді жеткілікті мөлшерде қолданыңыз, алкогольден, темекі шегуден, есірткі-нашақордан бас тартып, үнемі дене шынықтырумен айналысыңыз дегіміз келеді!

М.С. КУЛБАЕВА,
«Биофизика және биомедицина проблемалары» үйірмесінің жетекшісі, б.ғ.к., аға оқытушы

МЕЙІРІМ ШУАҒЫ!

ҚазҰУ тәлімгерлері айналасындағыларды қуантудан шаршамайды. Жуырда «Көмек» еріктілер қозғалысының бастамасымен «Мейірім шуағы» атты қайырымдылық кеші өтті.

Бұл жарқын бастама, алғашында, университетіміздің тарих, археология және этнология факультетінде ұйымдастырылған болатын. ҚазҰУ-дың қабырғасында «Көмек» еріктілер қозғалысы ұйымы 2010 жылы 10 қарашада құрылған. Үш жыл ішінде бұл ұйымның атқарған игі істері көп. Еріктілердің басты мақсаты – жетімдер үйі мен мүмкіншілігі шектеулі балалар интернаттарына, қарттар үйіне, мұқтаж жандарға көмек көрсету.

Жақсы істің жалғасын физика-техникалық факультетінің ерікті жандары өз қолдарына алған болатын. Қайырымдылық концерті Кеңес Аружан Бақтиярқызына арналды. Кештің басты мақсаты балалардың церебральді сал ауруымен ауыратын кішкентай қызымызға аз да болса, көмек көрсету еді. Концерттің қадірлі қонақтары қазақ эстрадасының жарқын жас жұлдыздары «Қыран» және «Mysterion» топтары әсем әндерін сыйлады. Көмектік еріктілер сазды ән айтып, өнерлі бишілер билеп, қазақтың қара домбырасымен терме өнерінен де күй шертті. Ана жүрегіне тағдыр тәлкегінің қиыншылығына мойынсынбай, үнемі алға нық қадаммен басуға тілектесті.

Б. АБЫЛҚАСЫМҚЫЗЫ,
биология және биотехнология факультетінің 4 курс студенті

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекен-жай: kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 11 279

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.